# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
# ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
# 6В017 - ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
# № 3 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **17.11.2023 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD, Г. Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. П.Адиева, академиялық персонал – ф.ғ.к.А.Байтуова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.Ошақбаева, академиялық персонал – У.Раметова, білімгерлер өкілі – Б. Бейсенбаева, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева.

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
2. Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
3. Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.
4. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту.
5. Әртүрлі мәселелер. (Дипломдық жоба тақырыптарын талқылау, рецензенттердің тізімін анықтау)

## ТЫҢДАЛДЫ:

**АК төрағасы С.Бейсембаева** күн тәртібіндегі **бірінші мәселемен** таныстырды. Бірінші мәселе бүгінгі күн тәртібіндегі үшінші мәселемен тығыз байланысты болғандықтан, бірінші мен үшінші мәселені бірге қарап кетсек деген ұсынысын білдірді. Бұл ұсыныс дауысқа салынды, ешкім қарсылық білдірген жоқ.

6В017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 7М01738 - Орыс тілі мен әдебиеті, 7М01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі, 7М01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша кафедра меңгерушілері С.Бейсембаева, Г.Жылқыбай және М.Сейтова сөз алып, білім беру бағдарламаларына ішкі аудит есебін берді. Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнез өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алып: магистратура деңгейіндегі

білім беру бағдарламаларының ішкі аудит нәтижелерінің негізінде аталған бағдарламалар бойынша бірқатар жақсарту жұмыстары жасалынуы керек сияқты деген пікір айтқым келеді. Есептерде әр білім беру бағдарламасы аясында жақсарту жұмыстары ұсынылды, енді сол жұмыстарды қолға алып атқару керек.

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі М.Сейтова** алып: Аудит нәтижесінде магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау қажеті жоқ деген қорытындыға келдік. Тек үдерісі барысында бірқатар жақсарту жұмыстарына көңіл бөлу керек. Оған байланысты ұсыныстар бердік. Сол бағытта жұмыстарымызды ұйымдастырамыз.

**АК төрағасы, С.Бейсембаева**: Онда екінші сұраққа көшейік. Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру бойынша аталған семинарды қысқы мектеп аясында өткізсек деген ұсыныс түсті.

**Академиялық персонал, PhD Л.Қазыханқызы:** Сол ұсынысқа қосыламыз, себебі қазіргі таңда оқу процесі белсенді жүріп жатыр.

**АК төрағасы, С.Бейсембаева** күн тәртібіндегі **төртінші мәселемен** таныстырды.

**АК төрағасы, С.Бейсембаева:** Барлықтарыңызға белгілі 2023 жылының 25 науырызында №125 бұйрық шықты. Сол бұйрыққа қосымша ретінде педагогикалық практиканы ұйымдастырылуы мен өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулық бекітілді. Осыған орай, кафедраларға академиялық комитет тарапынан практика бағдарламаларын аудит жасау тапсырмасы берілген. Қазір әр кафедраның практикаға жауапты мүшелері дайындаған есебін тыңдаймыз.

**Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, АК мүшесі М.Сейтова:** Педагогикалық шетел тілдері кафедрасында оқытылатын 6В01719 – шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік), 6В01718 – шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай) білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2023 жылы 27 наурыз айындағы №125 бұйрыққа сәйкес педагогикалық практикалардың аудиті жүргізілді.

1. **Педагогикалық практика базасы ретінде ұйымдарға талдау жасау, талаптарға сәйкестігін анықтау.**

6В01719 – шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік), 6В01718 – шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай) білім беру бағдарламалары бойынша 225 мекемемен келісімшарт жасалған, оның 150 мекемесі Түркістан облысындағы мекемелер. Барлық мекемелер талаптарға сәйкес.

2. **Келісім-шарттардың мазмұнын қайта қарау, педагогикалық практикаға қатысушылардың функцияларын анықтау.**

Практиканың бағдарламаларын және оқыту нәтижелерін жобалау кезінде педагогикалық практиканың келесі кызметтері ескеріледі: оқыту, тәрбие, оқу-зерттеу, кәсіптік бағдарлау.

Оқыту функциясы пән бойынша педагогикалық процесті белсенді бақылау мен талдауға бағытталган іс-шаралар кешені; өзінің пәндік саласының сабақтарын жоспарлау және өткізу; өткізілген сабағына өзінің талдауы; студент-машықкерлер жүзеге асыратын педагогикалық процесті топтық талдауға қатысу арқылы көрсетіледі. Практика бағдарламасының мазмұнында көптілді оқытуды жүзеге асыратын ББ-ны ескеру ұсынылады.

Тәрбие функциясы білім алушылар ұжымымен жұмыс жасауда тәрбие процесін ұйымдастырушыға (сынып жетекшісіне, тәрбиешіге, кураторға) көмек көрсетумен; тәрбие іс-шараларына қатысумен және талдаумен; сынып/мектептің тәрбие жұмысының перспективтік жоспары негізінде тәрбие іс-шараларын өз бетінше өткізумен байланысты.

Оқу-зерттеу міндеті білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың ұжымдағы өзара қарым-қатынасын анықтау, мінездеме жасау, диагностикалау жане дамыту мен

тәрбиелеуді жобалау мақсатында ұжымды және жекелеген білім алушыларды зерделеумен байланысты оқу-зерттеу жұмысын жүргізу; пән бойынша бір немесе бірнеше сабақтарға психологиялық талдау жүргізу; педагогикалық құжаттаманы жүргізу (машықкердің күнделігі, портфолиосы, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау, тәрбие іс-шараларының жоспар-конспектілері); электрондық журналды толтыру, дәптерлерді тексеру арқылы жүзеге асады. Жоғары курстарда педагогикалық практиканы ұйымдастыру кемінде оқушыларымен ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру ұсынылады, оның мақсаты - өз бетінше зерттеу жүргізу, жобаларды, мақалаларды жазудың академиялық дағдыларын қалыптастыру.

Кәсіптік бағдарлау функциясы студенттердің белгілі бір қызмет түрлеріне тұрақты қызығушылыгын қалыптастыру және болашақ кәсібін таңдауда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады.

3. **Педагогикалық практика бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау:**

***а) бекітілген сағат сәйкестігі.***

1. Оқу (танысу) практикасы (1-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат),
2. Психологиялық-педагогикалық практика (2-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат);
3. Педагогикалық практика (3-курс, көлемі 6 кредиттен кем емес, 180 сағат);
4. Өндірістік педагогикалық практика (бітіруші курста кемінде 15 кредит, 450 сағат көлемінде).

Барлығы: кемінде 25 кредит, 750 сагат.

***б) практика бағдарламаларының мақсаттары.***

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2023 жылы 27 наурыз айындағы №125 бұйрыққа сәйкес педагогикалық практикалардың барлығының мақсаттарына өзгерістер енгізілді.

2023-2024 оқу жылынан бастап оқу (танысу) практикасы мектепте өтетін болып бекітілгендіктен оқу (танысу) практикасы бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

Оқу (танысу) практикасы болашақ мамандықтың мәні мен мазмұнын түсінуге бағытталады.

Оқу (танысу) практикасының мақсаты студенттердің педагог мамандығына тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзіреттілігін дамыту болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты студенттерге білім беру процесін ұйымдастыру және оның жүзеге асуы туралы, психологиялық-педагогикалық қызмет, тұлғаның жеке дамуындағы және білім алушылар ұжымын оқыту мен тәрбиелеуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы тұтас түсінікті, зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Педагогикалық практиканың мақсаты болашақ педагогтарда оқу-тәрбие процесін жобалау, ұйымдастыру, іске асыру және кері байланыс жүргізудің практикалық дағдыларын дамыту, кәсіби-практикалық бағытты қалыптастыру болып табылады.

Өндірістік педагогикалық практиканың мақсаты нақты қызмет жағдайында кәсіби позицияны сынау болып табылады: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, іске асыру және бағалау саласында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру. Кәсіптік қызмет саласындағы құзіреттіліктерді қалыптастыруды білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметтің практикалық біліктері мен дағдыларын, сондай-ақ дербес кәсіптік қызмет тәжірибесін алу.

***в) оқыту нәтижелері***

Практика оқыту нәтижелері «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда тереңдетіліп берілген екен. Биылғы практика бағдарламаларының оқыту нәтижелері өзгертілді.

***г) атқарылатын қызметтері***

Былтырғы бағдарламалардағы атқарылатын қызметтерді «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардағы атқарылатын қызметтерді салыстыру барысында мынадай өзгерістер анықталды:

Практика базасынан бөлінген ментордың (тәлімгердің) педагогикалық еңбек өтілі үш жылдан кем емес;

Жас педагогтың тәлімгері және/немесе магистр дипломының және/немесе «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санатының болуы және/немесе мұғалімдер арасындағы кәсіби педгогикалық конкурстардың жеңімпазы және/немесе лауреаты және/немесе облыстық, реапубликалық пәндік олимпиадалар жүлделерінің жетекшілері.

***д) күнтізбелік жоспарда көрсетілген іс-шаралардың атқарылатын қызметтеріне сәйкестігі***

Педагогикалық практикалардың күнтізбелік жоспарда көрсетілген іс-шаралары атқарылған қызметтерге сәйкес.

***е) практика нәтижелерін бағалау***

Практика нәтижелерін бағалауда өзгерістер жоқ.

***ж) студент-практиканттардың құжаттамасы***

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда студент-практиканттардың құжаттамасында өзгерістер бар. Бұрын портфолио болмаған және құжаттар 1 жыл ғана сақталған. Ал, 2023-2024 оқу жылынан бастап студент-практикантта келесі құжаттар пакеті болады: практика бойынша электронды күнделік (күнделік практика аяқталғаннан кейін 3 жыл бойы сақталады), студенттің жеке жұмыс кестесі, практика нәтижелері бойынша есеп беру формасы, портфолио (қағаз жане/немесе электрондық форматта болу керек, ол практика түрі мен мазмұнына байланысты, ЖЖОКБУ портфолиоға қойылатын талаптарды дербес әзірлейді). Портфолионың негізгі құрамдас бөліктері - білім беру ұйымы туралы мәліметтер. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар үлгісі, сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың жоспарлары, сабақты талдау сызбалары және т.б.

Кафедра меңгерушілері С.Бейсембаева және Г.Жылқыбай көрсетілген талаптарға сәйкес өз есептерін берді.

***АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі, А.М. Аманбаева:*** практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту жұмыстары өте жақсы деңгейде жасалынды деп есептеймін. Осы жұмыстар бастама алғанына қуанып отырмын. Кәсіби практика – білім алушының оқу пәні дәрежесінде білім кеңістігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала. Педагогикалық тәжірибе аталған нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырылса, өте нәтижелі болады деген сенімдемін.

**АК төрағасы, С.Бейсембаева** әртүрлі мәселелердегі сұрақпен таныстырды. Дипломдық жоба тақырыптары мен рецензенттердің тізімі бойынша кафедралардан ұсыныстар берілгенін айтып, Акдемиялық комитет мүшелерінің назарына ұсынды.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі, М.Қ.Исраилова**: Ұсынылған тақырыптар тың, өзекті тақырыптар екен. Тақырыптардың көпшілігі әдістемеге арналған. Ол қуанышты жағдай. Себебі қазіргі мектепте бұл өте өзекті мәселе. Функционалдық сауаттылыққа арналған тақырыптар ұнап тұр. Себебі қазіргі кезде біздің елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту жұмыстарының басты тақырыптарының бірі функционалдық сауаттылық қалыптастыру. Педагогтердің мақсаты білім алушыларды осы өмірдің дағдысына дайындау, оларды белсенділікке, шығармашылыққа, іскерлікке және тәуелсіз білімге деген қызығушылыққа жетелеу. Осыған орай, дипломдық жоба ретінде осындай мәселелерге байланысты

тақырыптарды зерттеу нәтижесінде студенттеріміз білікті маман болады деп есептеймін.

**ШЕШІМ:**

1. 6В017 - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 7М01738 - Орыс тілі мен әдебиеті, 7М01708 - Шетел тілі: екі шетел тілі, 7М01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары бойынша ішкі аудит есептері назарға алынсын.
2. Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг қысқы мектеп аясында өткізілсін.
3. Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттары, оқыту нәтижелері, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері өзгеріссіз қалдырылсын.
4. ББ бойынша практика бағдарламалары қайта қаралып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2023 жылы 27 наурыз айындағы №125 бұйрыққа сәйкес әзірленсін.
5. Дипломдық жоба тақырыптары мен рецензенттердің тізімі оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

**Мәжіліс төрағасы:** **С. Бейсембаева**

**Хатшысы:** **У. Раметова**